

## 6-апта

### № 11-12 Дәріс тақырыбы Грамматикалық форма туралы

1. Грамматикалық форма туралы түсінік
2. Грамматикалық форманың түрлері

1. К.Аханов «грамматикалық форма туралы мәселе грамматиканың әрі өте маңызды, әрі күрделі мәселелерінің бірі» деген. Грамматикалық атрибутын қоспассақ, форма не тұлға болып шығады. Сонда сөз тұлғасы дегеніміз не? Қ.Жұбановша айтқанда, сөздің тұлғасы дегеніміз «сөздің сыртқы көрінісі». Сөздің сыртқы көрінісі немесе кейпі бір қалыпта болмайды, ол түрленеді. Сол түрленуді «сөз тұлғасының түрленуі» дейміз. «Анау – *көл*, *көлде*, *көлді* – дегендердің бәрі де сөз тұлғасының түрленулері». Жұбанов, сөз тұлғасының түрленуі не үшін керек деген сұраққа да жауап береді: «я сөздің түпкі мағынасына жаңа мағына үстеу үшін ғана керек; я болмаса, сол сөзді басқа бір сөзбен байланыстыру үшін керек». Әрине, жаңа мағына қосу дегенге қалай қараймыз, грамматикалық формалар арқаламайтын жүк. Мысалдарына қарасақ, жаңа мағына емес.

К.Ахановтың айтуында, «тілдегі мағына мен форма, соның ішінде грамматикалық мағына мен грамматикалық форма, бір-бірімен тығыз байланыста болады. белгілі бір грамматикалық формасы болған жағдайда ғана грамматикалық мағына жайында сөз ете аламыз. Керісінше, белгілі бір форманың грамматикалық форма ретінде танылуы үшін оның міндетті түрде грамматикалық мағынаны білдіруі қажет». 90 жылдарда және одан кейінгі грамматикаларда айтылған грамматикалық формалар грамматикалық мағыналарды білдірудің жолы, гр мағынаның бір түрі ғана, яғни категориялық гр мағына ғана, гр формалармен беріледі деген тұжырымдар осы К.Ахановтың 70 жылдары айтқан пікірінен алшақ кетпейді. Мәселен, А.Ысқақовтың сипаттамасын қараңыз: «Қандай грамматикалық мағына болса да, оның өзіне тән грамматикалық формасы болады, керісінше, қандай бір грамматикалық форма болса, оның өзіне тән грамматикалық мағынасы болады. Грамматикалық мағынасы жоқ грамматикалық форма болмайды, грамматикалық формасы жоқ грамматикалық мағына болмайды» (18-б.). Бұл тұста А.Ысқақовтың грамматикалық мағынаның бір түрін категориялық мағынаны меңзегенін айта кету керек.

Категориялық грамматикалық мағына өткен жолы айттық белгілі грамматикалық формалар атап айтқанда сөз түрлендіруші жұрнақтар (форма тудыратын қосымшалар) мен жалғаулар арқылы беріледі. Ендеше *грамматикалық форма* белгілі топтағы сөздердің зат, сын, сан, қимыл т.б. мағыналы топтағы сөздердің грамматикалық тұлғалары (жалғау, жұрнақ) арқылы белгілі жүйелі парадигма бойынша түрленуі болып табылады (С.Исаев). Кейбір ғалымдар грамматикалық мағынаның жалпы және қатыстық түрлерінде ешбір грамматикалық формасыз грамматикалық мағына берілетінін алға тартады. С.Исаев: «Қазақ тіліндегі грамматикалық форма дегенге белгілі бір грамматикалық топтағы сөздердің түрлену, өзгеру жүйесі болып табылатын, парадигмалық сипаттағы тұлғалары, форма тудырушы (меңімше ГС - форма жасаушы) қосымшалары жатады. Өйткені олар сөз табының парадигмалық сипаттағы тұлғалары, алдымен, белгілі бір грамматикалық, категориялық грамматикалық мағына білдірумен байланысты, екіншіден, грамматикалық мағына біреу емес, түрлену жүйесіне байланысты әрі тектес, әрі ыңғайлас, әрі өз ішінде бір-біріне қарама-қайшы мәндегі грамматикалық мағыналардың бірлігінен тұрады». Сонда категориялық грамматикалық мағына ғана грамматикалық форма арқылы беріледі. Мысалы, *Көркіне көз тоймас көркіне* сөзіндегі жанама объектілік мағынаны -е грамматикалық формасы арқылы танимыз. Бұл тұлға септік жалғау жүйесінің, бір жағынан, атау, ілік, табыс т.б. септік мағыналарының бір тектес түрі, екінші жағынан, оларға қайшы мәнді білдіріп, өзгеше форма арқылы берілуі бір түрі болып тұр. Сөйтіп, қазақ тілінде грамматикалық формаларға жалғаулар мен форма жасайтын жұрнақтар жатады. Форма жасайтын жұрнақтарға сын есімнің шырай тұлғалары, етіс, күшейтпелі етістік, тұйық етістік, рай, шақ, есімше, көсемше тұлғалары жатады.

Грамматикалық форма 1) сөздің сөйлеу процесінде түрлену жүйесінің тұлғалық көрінісі болып есептеледі, 2) грамматикалық мағынаны білдірудің жолы (С.И). Белгілі бір категориялық грамматикалық мағына белгілі бір грамматикалық формалардың жүйесі не соның бір түрі арқылы беріліп отырады. Мысалы, жақтық мағына 1 жақта -мын... 2-жақта -сың... 3-жақта нөлдік формалар арқылы беріледі.

Грамматикалық форманың бір түрі – нөлдік форма. *Нөлдік форма* деп арнайы көрсеткіші болмай, тұлғасы көрінбей тұрып-ақ белгілі бір категориялық грамматикалық мағына білдіруді атайды. Жалғамалы тілдердегі нөлдік тұлға сөйлеу процесінде сөздің формалық көрсеткіші түсіп қалып, ол тұлға білдіретін грамматикалық мағына сақталып қалуынан туған немесе сөздердің грамматикалық байланысынан қалыптасқан. Мысалы, 2-жақ бұйрық рай мағынасы - нөлдік тұлға. Салыстырмалы-тарихи фактілер оның бір кезде тұлғасы болғанын анықтайды: -ғын, -гін, -ғыл, -гіл. Жіктік жалғаудың 3-жағында, атау септікте нөлдік форма. Атау септіктің жалғауы жоқ деп оқып келдік, жалғауы бар, ол - нөлдік тұлға. Ілік, барыс, табыс, шығыс және тәуелдік жалғауларының қолданысында нөлдік тұлға кездеседі: *қала барды, тау асты, біздің ауыл, өзіміздің қала* т.т.

2. Сөз формасы екітүрлі: негізгі форма және туынды форма. Негізгі форма басқа формаларға ұйықтқы болуы керек. Дегенмен бұрынғы грамматикаларда айтылған атау септігі басқа септік формаларына негіз форма болады тұжырымы дәлді емес. К.Ахановата: «мысалы, септік формаларының ішінде атау септік әдетте негізгі форма деп танылады да, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс көмектес септік формалары туынды формалар ретінде саналады». Дәл осыған ұқсас деп ғалым рай формаларына қатысты екінші жақ бұйрық рай формасын негізгі форма деп қалған рай формаларын туынды формалар деп санайды (150).

Сөз формаларының екі түрі: синтетикалық формалар. Олар екі жолмен 1) аффиксация арқылы 2) дыбыстардың алмасуы (ішкі флексия) арқылы жасалады. Үйлер, үйге, үйді, үймен, ағылшын тілінде *speaks, books*. Аффиксация жолы үштүрлі: суффиксация (орыс, түркі тілдерінде), префиксация (орыс тілінде), және инфиксация (К.Аханов).

Ішкі флексия ағылшын тілінде: *man-men* (К Ахановта). Ағылшын тілінде флексия сөздің әртүрлі формаларын қарастырады деп түсініледі. Мысалы, *the English words walk, walks, walked, and walking WALK* лексемасының түрлі сөз формалары болып табылады (...are considered different word forms of the lexeme WALK). Ағылшын тілі сөздігінде бұл төрт түрлі сөз формасы жеке лексикалық мақалада сипатталмайды, керісінше, WALK вербалды лексемасы ретінде бір сөздік мақалада қарастырылады. Зат есім *walker*, керісінше, WALK лексемасының формасы ретінде қарастырылмайды, оның орнына WALK, өзгеше мағынасы бар және өзгеше лексикалық категорияға жататын (*it is a noun*) бөлек лексема. Бұл сөз сөздікке жеке лексикалық мақала беріледі. *The lexeme WALKER is considered to be the product of derivation, the creation of a new lexeme through the application of a morphological process of affixation, the attachment of the suffix -er to a base lexeme.*

Флексия мен деривация арасындағы айырма негізінен функционалдық болып табылады: бұл морфологиялық процестердің әртүрлі функцияларына қатысты, лексемалардың түрлі формаларын жасауға қарама-қарсы түрлі лексемалар жасау (*the creation of different forms of lexemes versus the creation of different lexemes.*)

Ал К Аханов көрстетін флексияны (мысалы *man-men*, дыбыстардың алмасуы) екінші бір морфологиялық процесс деп түсініледі. Ол флексияда да, деривацияда да қолданылуы мүмкін тағы бір морфологиялық процесс – дауысты дыбыстардың ауысуы. Мысалы, дауысты дыбыстардың ауысуы *fall* формасының өткен шақ формасында *fell* кездеседі.

Флексия мен деривацияны ажыратудың бірінші критерийі - флексия міндетті *obligatory*, ал деривация *optional* міндетті емес. Мысалы, әрбір ағылшын зат есімі жекеше және көпше түрде белгіленуі керек. Демек, сан категориясы ағылшын тілінің міндетті категориясы, демек, флективті *inflectional*. Сол сияқты, септік жүйесі бар тілдерде әрбір зат есім белгілі бір септік үшін белгіленуі керек. Көптеген тілдерде етістіктер міндетті түрде

белгілі бір шақ үшін және көбінесе сөйлемдегі субъектінің тұлғасы мен саны үшін белгіленеді.

. Note that this is true even if there is no overt marking for a particular inflectional feature. For instance, there is no overt number marking for English singular nouns. There are also nouns that, for semantic reasons, do not have plural forms, such as milk and abstractness. These nouns must nevertheless be considered singular nouns because they trigger singular number agreement with verbs. In contrast, no obligatory morphological expression is involved in using the agent noun for the verb walk, that is, the word walker, with the suffix -er that creates de-verbal agent nouns. The use of this word is a choice made by the language user for purely semantic reasons. Hence, we consider walker a case of derivation.

Синтетикалық және аналитикалық формаларды студенттер өздері ізденеді.  
(К.Аханов, 2010, 128-147).

Сөз формасы деген ұғым қазақ тілінде бірдей ұғыныла бермейді.